

Маңызды стратегиялық мәні бар қызметті мемлекеттік сатып алу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 19 желтоқсандағы N 1271 қаулысы "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 16 мамырдағы Заңы 21-бабы 1-тармағының 5) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "CCL Oil Ltd" (Америка Құрама Штаттары) компаниясы бастамашылық жасаған және Стокгольм қаласы (Швеция Корольдігі) Сауда өнеркәсіп палатасының Төрелік институтында қаралатын халықаралық төрелік процесте Қазақстан Республикасының мүддесін қорғау үшін маңызды стратегиялық мәні бар заң қызметін көрсетуші болып "McGuire Woods Kazakhstan" компаниясы белгіленсін.

2. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен :

осы қаулының 1-тармағында көрсетілген компаниямен заң қызметін мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасассын;

заң қызметін мемлекеттік сатып алу үшін осы қаулыға сәйкес пайдаланылатын ақшаның оңтайлы әрі тиімді жұмсалуды қағидатының сақталуын қамтамасыз етсін;

ай сайын Қазақстан Республикасының Үкіметін халықаралық төрелік процестің барысы туралы хабардар етсін;

осы қаулыдан туындайтын өзге де шараларды қабылдасын.

3. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне 2003 жылға арналған республикалық бюджетте табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жоюға және өзге де күтпеген шығыстарға көзделген Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен "McGuire Woods Kazakhstan" компаниясының заң қызметін көрсетуіне ақы төлеу үшін 29 000 000 (жиырма тоғыз миллион) теңге бөлінсін.

4. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі бөлінген қаражаттың мақсатты пайдаланылуын бақылауды жүзеге асырсын.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі